



ЖУРНАЛ

№ 34 (5169) сенбі
21 тамыз 2010 жыл

Газет 1963 жылдан бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газеті



ҚР Конституциясына - 15 жыл Конституцияны құрметтеу – әр азаматтың борышы

Тәуелсіз Қазақстанның саяси-құқықтық дамуының қазіргі кезеңі қоғамымыз бен оның институттарының одан әрі демократияландырылуына, қоғам мен тұлға арасында конституциялық-құқықтық қарым-қатынастың нығаюына бағытталған. Мемлекеттік билік органдарының құқықтық мәртебесінің жетілдірілуі, олардың тиімділігінің артуы, құқықтық пен құқық тәртібінің нығаюы - әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті мемлекеттер қатарына еңбек болып отырған Қазақстанның алдағы міндеттерінің құрамдас бір бөлігі. Бұл жағдай адам және оның құқықтары мен бостандықтары басты құндылықтары болып табылатын Конституцияның ізгі әлеуеттерінің, құқықтық, демократиялық, әлеуметтік институттарының қалыптасуын одан әрі жүзеге асырудың айқындалушы факторы.

1995 жылғы Конституцияның қабылдануы қоғамды әрі қарай демократияландырудың объективті қажеттілігі, егемен Қазақстанның конституциялық дамуының жаңа кезеңінің бастауы болды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша біздің еліміз – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет болып жарияланды. Заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтары өз құзыреттерін орындау кезінде тығыз байланыс орнатады. Бұл қарым-қатынас заңға негізделіп отырып жүзеге асады.

Конституцияның қазіргі даму кезеңінде оның үстемдігін қамтамасыз ету өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Оның қағидалары конституциялық құрылыстың негіздерін бекіте отырып, билік тармақтары арасындағы қарым-қатынастарды реттейді.

Конституция – адам мен оның өмірі, құқығы мен бостандығы ең жоғарғы құндылық болып табылатын азаматтық қоғам мен мемлекеттің біртұтас жан-жақты дамуының басым бағыттарын айқындап берген негізгі құжат. Ата Заң қоғам мен мемлекеттік билік институттарының құрылуы мен нығаюына оң ықпалын тигізе отырып, Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және мәдени мүмкіндіктерінің қарқынды дамуына қажетті алғышарттарды айқындады.

Ұлт көшбасшысының күш салуының арқасында және қолданыстағы демократиялық Конституцияға негізделген саяси тұрақтылықтың сақталуы, ұлтаралық және дінаралық келісім дүние жүзінде Қазақстанды жаппай құрметке бөледі. Үстіміздегі жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету фактісі соның дәлелі. Кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістік елінің тұңғыш рет мұндай құрметке ие болғанын атап көрсетеміз, мұның өзі демократияландыру және прогресс, адам құқығын сақтау жолындағы Қазақстанның жарқын жетістігінің дәлелі.

Конституцияны құрметтеу – оны қабылдаған халықты құрметтеу. Ол бүкіл мемлекеттік биліктің және әрбір азаматтың қызметінен көрініс табады. Конституцияны құрметтеу – оның нормаларын және соған негізделген заңдарын әрбір адам мен азаматтың сақтауы.

Конституция қағидаларын қатаң сақтай отырып өмір сүруге әдет-ғұрпымыз жөн. Әркім өзінің іс-әрекетін Конституция нормаларымен және қағидаларымен сәйкестендіріп, өзінің конституциялық заңдарды бұзбайтын орындауы арқылы құқықтық мемлекеттің негізін қалауға үлес қосып отырғанын сезінуі ләзім. Сонда ғана Негізгі Заңмен белгіленген биік шыңдардан көріне аламыз.

Е. ТҰРАНОВ,
Нұра аудандық мәслихатының
хатшысы

Аудан әкімінің іс сапары

Алтын астықты ысырапсыз жинау - ортақ міндетіміз

Аудан әкімі Серік Шайдаров жұмыс сапарымен бірнеше елді мекендерде болып қайтты. Ең алдымен аудан басшысы "Пржевальское" ЖШС-інде болып, егіс алқабын аралап, шаруашылық басшысы Ы.Таттыбаевпен жүздесті. Әңгіме барысында шаруашылық басшысы аудан әкіміне алдағы астық жинау науқанына әзірлік жайында әңгімелеп берді. Шаруашылық егін жинау науқанына жақсы әзірлікпен келді. Кадрлар жеткілікті, техника сакадай сай әзір, жөндеуден өткен, жанар жағар май қоры да қамтылған. Қуаңшылыққа қарамастан шаруашылық әр гектардан 10-12 центнерден өнім алуды жоспарлап отыр. Бұның бәрі, әрине, көктемгі дән сіңіру барысында жер мәдениетін көтеру жаңа технологияларды, ылғал сақтау технологиясын қолданудың берген нәтижесі екені сөзсіз.

Кездесу барысында аудан басшысы диқандарға науқан кезінде барлық жағдайды жасау, жұмысты тиімді ұйымдастыру, жауапты кезеңді аса ұйымшылдықпен өткізіп, алтын астықты ысырапсыз жинап алуды тапсырды.

Сондай ақ аудан әкімі С.Шайдаров ауылдағы әлеуметтік нысандардың жылыту маусымына әзірлігі қарады және "Жол картасы" аясында 3,136 млн теңгеге ауыл іші жолдарына жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарын қарап, мердігермен кездесті. Жұмыстар кестеге сай жүргізілуде.

Одан соң аудан әкімі шалғайдағы Балықтыкөл ауылында болып, мұндағы әлеуметтік нысандардың жылыту маусымына әзірлігімен танысты. Аудан әкімінің келесі ат басын тіреген объектісі Пушкин орта мектебі болды. Мектептің төбесінен жаңбыр ағып, ғимараттың нұсқынын кетіріп тұрған екен. Бұл мәселені тез арада оң шешуді аудан басшысы өзімен бірге болған орынбасарына жүктеді. Аудан әкімінің жұмыс сапары нәтижесінде жауапты адамдарға нақты тапсырмалар берілді.

Ә.Тілшімізден

Аудан әкімдігінде

ҚЫС ҚЫР АСТЫНДА

Аудан әкімі Серік Жаманқұлұлы Шайдаровтың төрағалығымен кеңейтілген алқалы жиын өтті. Оған ауыл, кент әкімдері, бөлім басшылары қатысты. Онда жоспарланған келелі мәселелер қаралды. Ең алдымен алдағы жылыту маусымына әзірлік жайында аудан әкімінің орынбасары Б.Шайжанов баяндады. Бұл жауапты науқанға әзірліктің арнайы жоспары мен іс шаралар бекітілген, әзірлік жұмыстары осы жоспарға сәйкес жүргізілуде. Бүгінгі таңда 65 объект қысқа әзір. Бюджеттік мекемелерге көмір толығымен кестеге сай жеткізілді, енді Теңіз өңірі ғана қалған. Дегенмен бұл мәселеде әлі де болса кемшіліктер жоқ емес екен. Білім беру мекемелерінде, атап айтсақ Асубаев атындағы, Пушкин, М.Сүлейменов атындағы мектептер жылыту маусымына әзір болмай шықты. Көптеген мектептерде көмір ашық тесік жатыр, яғни мектеп директорлары тарапынан оның сақталуы қамтамасыз етілмеген. Қысқа әзірліктің тағы бір басты мәселесі тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ету болып табылады. Аудан бойынша 19 су құбыры бар, оның бәрі де «Қаратал» КМКның балансында. Бұл мәселеде де ақаулықтар бар екен. Оның ең бастысы пайдаланған ауыз суға төлемақы төлеу ешбір сын көтермейді, өте төмен деңгейде. Аудан бойынша Іші жарты жылдықта суға төлемақы төлеу деңгейі 27%. Атап айтсақ Майоровка ауылында бұл көрсеткіш -10%, Соналыда - 39%, Жараспайда - 42%, Пржевальскоеда - 49%. Ахметауылында 370 тұрғын ауыз суды пайдаланады, оның 246-ы суды үйлеріне кіргізген. Ал суға төлемақы деңгейі 48% ғана. Киевка кентінде -15,8%. Осының бәрі ауыл, кент әкімдерінің саяси мемлекеттік қызметкерлер ретінде жеке жауапкершілікті ұғынып өз міндеттерін дұрыс атқармауында.

Бұл мәселені қорытындылай келе аудан әкімі

Серік Шайдаров:

- Жылыту маусымының нәтижелі өтуі тұрғындардың ауыз сумен қамтылуымен тығыз байланысты. Ал үкіметтен қыруар қаржы бөлініп жүзеге асырылған бұл бағдарлама ауыл, кент әкімдерінің не мқұрайлығынан құрдымға кетпекші. Яғни ауыл тұрғындарымен нақты жұмыс жүргізіп, суға төлемақыны толығымен жинауды қамтамасыз ету әр әкімнің тікелей міндеті -дей келе, алдағы науқанға әзірліктің ұйымдасқан түрде және сапалы болуына баса назар аударды және тұрғындарды ауыз сумен қамтуға ауыл, кент әкімдерінің аса жауапкершілікпен қарап, орын алып отырған келеңсіз жағдайларды тез арада түзету жөнінде нақты тапсырмалар берді, сонымен қатар, мектептердің жаңа оқу жылына әзірлігін қабылдау комиссиясын құру, көмірдің жеткілікті болуын, оның сақталуын қамтамасыз ету, өткен қыста орын алған кемшіліктерді болдырмауды бөлім бастықтарына жүктеді және осындай жауапты науқанға әзірлік барысында жіберген кемшіліктері үшін біраз лауазым иелеріне ескерту жасады.

Одан соң бүгінгі күннің тағы да бір өзекті мәселесі «Мал сою пунктерін ашу», «Ветеринария туралы» Заңның орындары барысы, «Егін жинау науқанына әзірлік шаралары туралы» мәселелер қаралды.

Бұл мәселені қорытындылай келе аудан әкімі өзінің орынбасары Б.Шайжановқа, ауыл, кент әкімдеріне, ауыл шаруашылық және ветеринария бөліміне алдағы егін жинау науқанын ұйымшылдықпен өткізу және осы мәселені жеке бақылауға алып, ерекше көңіл бөлуді, мал сою пунктерін іске қосуды қыркүйек айының 1-іне дейін аяқтауды қатаң тапсырды.

Бикен АХМЕТОВА

Аудан әкімінің жұмыс сапарынан

«АДАМ – ЕЛДІҢ БАСТЫ БАЙЛЫҒЫ»

Жол картасы бағдарламасының биыл да жалғасын тауып, әлеуметтік салалардың әлеуетін арттырып жатқаны халықты қуантады. Биылғы жылы аудан бойынша 17 әлеуметтік сала объектісіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілсе, соның ішінде екеуі денсаулық сақтау мекемелері: бірі орталық аудандық аурухана болса, енді бірі Баршын учаскелік ауруханасы.

Аудан әкімі С. Шайдаров жұмыс сапарымен аудан орталығында күрделі жөндеуден өтіп жатқан және салынып жатқан объектілерді аралады. Ең алдымен аудан басшысы ат басын Жол картасы бойынша күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан орталық ауруханаға келді. Бұл объектіге 18 млн. теңге қаржы бөлінген. Жөндеу жұмыстары кестегі сай жүргізілуде. Бұл объектіге жұмыспен қамту орталығынан 18 жұмыссыз тартылған.

Үшінші, екінші қабатта, яғни науқастар жататын терапия және хирургия бөлімдерінде – терезелер ауыстырылған, қабырғалар сырланып, сыланған. Электрсымдары жаңартылып, жаңа шамдар қойылған. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі қайта жасалған. Объектілі аралап көрген аудан әкімі С. Шайдаров:

- 18 млн. теңге үкімет қаржысы – ол қомақты қаржысы, сондықтан да ол тиімді жұмсалуды тиіс. Аурухана ол демалыс орны емес, мұнда дертпен шипа іздеген адамдар келеді, сондықтан аларға барынша жағдай туғызу жағын ойлауымыз керек. Жұмыстар сапалы орындалуды тиіс, – дей келе, мердігерге жұмыс сапасын жақсарту жөнінде бірнеше ескертулер жасады.

Ал медицина бірлестігінің директоры Б. Мұқышеваға жөндеу жұмыстарының сапалы жүргізілуін бақылауға алу және ғимараттың маңайын абаттандыру жұмыстарын жандандыруды тапсырды.

«Дағдарыс сабақтары тұрғын үй құрылысын дамыту саясатын жетілдіруді талап етеді»

деп Елбасы өзінің биылғы Жолдауында қойған тапсырмасын орындау мақсатында аудан орталығында 18 пәтерлі үй қалпына келтірілсе, екі пәтерлі үй құрылысы басталып та кеткен еді. Кейінгі үш жылда халықты қолжетімді баспанамен қамтамасыз етуде атқарушы биліктің атқарған жұмысы ұлан ғайыр. Оған көпшіліктің өзі куә. Қаншама көпбалалы отбасылар осы аралықта баспаналы болды.

Бұл мәселені үнемі өз назарында ұстап отыратын аудан әкімі С. Шайдаров ендігі кезекте қайта қалпына келтіріліп жатқан 18 пәтерлі үйде және жаңадан салынып жатқан 2 пәтерлі үйде болып, құрылыс жұмыстарының жүру барысымен егжей-тегжей танысты. Тамаша заманауи құрылыс материалдары пайдаланылған, бүгінгі заман талабына сай, ыстық, суық суы ішінде, орталықтандырылған жылу жүйесі, ваннасы мен туалеті бар екі, үш бөлмелі пәтерлер, құрылыс аяқталысымен жас мамандарға: мемлекеттік қызметкерлерге, дәрігерлер мен мұғалімдерге берілетін.

Үйдің маңайы абаттандырылып, оған қоршау салынбақ және балалар алаңы мен автокөлік тұрағы да болады деп жоспарлануда.

Бикен САҒЫМБЕКҚЫЗЫ



Көкейкесті мәселе ТІЛ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖОБАСЫН ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

Бүгінгі таңда бүкіл қоғамды елең еткізген ел өміріндегі елеулі оқиғаның бірі – тіл бағдарламасының жаңа жобасы.

Рас, бұған дейін де әртүрлі бағдарламалар болған. Әйтсе де, мына «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» ауқымды, астарында аса құнды, құнарлы ойлар жатқан, жаңалығы мол, жақсы бағдарлама.

Тіл жайлы жаңа құжатты қуана қабылдай отырып, көкейдегі кеп түйткілді де айта кету парыз. Күні бүгінге дейін кейбіреулер, әсіресе орыс тілді ез қандастарымыз қазақ тілінде сөйлеуді қор, өзге тілдерде сөйлеуді зор санайды. Бұл кеңестік кеңістіктен бері келе жатқан дерт. Жасырып-жабатыны жоқ, бүгінгі таңда ана тілін білмейтін қазақтар мемлекеттік қызметте де, кәсіпкерлік саласында да жетіп-артылады. Ондай келеңсіз жағдайлармен күнбе күн кездесеміз. Ақпарат берсе орыс тілінде, мәлімет жазса орыс тілінде. Себебі біреу ғана – біз орысша оқығанбыз. Жиырма жыл бойы айтатындары – осы. Апырау жиырма жылда орыс та неміс те қазақ тілін үйренді емес пе, Ал сонда біздің қазақтарымыздың өзінің ана тілдерін үйренулеріне қанша уақыт керек екен?

Бизнестегі азаматтар «Тілің маған не берді? Мән ел экономикасына қаржы кіргізіп жатырмын», – деп кергиді. Ал мемлекеттік, азаматтық қызметтегілерге не жоқ? Көпшілігінің үйренемін деген құлқы жоқ, үйренуге ұмтылмайды да. Олай дейтінім, ауданда орыс тілді неміс аралас мектептерді алып қарасаңыз, орыс сыныптарындағы отырған оқушылардың сексен пайызға жуығы өзіміздің қарақөздер. Егер тілге, ұлтқа жаны ашыса, келешекте қазақ тілін білмей қызмет істеу мүмкін еместігін сезінсе, ата-аналары бұлай істемеген болар еді. Біз өзге ұлттарға емес, өзіміздің қазақтарға талапты күшейтуіміз қажет.

Енді ұсынылған бағдарламаға қатысты ортаға салар ойымыз: барлық жиналыс, жиындар ресми орындарда мемлекеттік тілде – қазақ тілінде өтуі керек. Осыған жалғаса айтуға сұранып тұрған ұсыныс: жоғары орындарға берілетін ұсыныстар да ана тілінде берілуі керек.

Ата Заңның 23 және 33-бабында мемлекеттік қызметке тұратын азаматтардың мемлекеттік тілде меңгеруіне қатысты заңды тұрғыда талаптар қою жаңа бағдарламада жоқ. Ал бұл талаптар ауадай қажет.

Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі – ұзақ. Мемлекеттік тілге деген қажеттілік тудыра алсақ, тіл үйрену қиын емес. Мәселен, 2005 жылға дейін қазақ тілін игермегендер мемлекеттік қызметке қабылданбайды дегендей нақты талаптар болса, өзгені қойып өз тілін мәнсізбей жүрген ез қандастарымыз да қазақша сөйлей бастар еді.

Мемлекеттік бағдарламаның басты стратегиялық мақсаты – Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде саналатын мемлекеттік тілді балабақша, мектеп, жоғары оқу орындары, мемлекеттік қызмет және қоғамдық-саяси, әлеуметтік кәсіпкерлік саласының барлығында батыл қолданысқа енгізіп, қазақстандықтың өмірлік қажетіне айналдыру», – делінген. Мақсат айқын, міндет түсінікті. Бірақ осыларды іске асыру қалай болар екен деген күдік те жоқ емес. Күдік тудыратын мәселе «Тіл туралы» Заңның қабылданғанына табыны күректік жиырма жыл болды. Заңның орындалу барысы қандай деңгейде, қалай жүзеге асырылуда? Қағаз жүзінде бәрі керемет. Ал орындалуы қожырап, сын көтермей қалады.

Тіл жайлы айтылар ойлар мен ұсыныстар баршылық. Ана тілін білмеген адамда ұлттық сана сезімі де оянбай мәнғұрт қалпында қала береді. Бәрі тек өзімізге ғана байланысты!

Бикен САҒЫМБЕКҚЫЗЫ

Нұр Отан в действии Решая проблемы населения

Все шире в практику районного филиала НДП «Нур Отан» входит проведение выездных приемов населения. Это способствует более конкретной реализации Народной платформы партии, активной пропаганде и реализации Послания Президента страны. В ходе выездных приемов выявляются наиболее актуальные проблемы сельчан.

В минувший понедельник первым заместителем председателя филиала партии Д.К. Баяновым, председателем общественного совета по борьбе с коррупцией при филиале партии С.И. Меркуловым и заведующей общественной приемной С.А. Омаровой проведен прием жителей сел Акмешит, Кертинды и Тассуат.

Вопросы, с которыми обращались жители этих сел, различны, но многие из них вполне разрешили аппаратом акима этих сел и депутатами избирательных округов. Так, в селе Акмешит на прием пришли многодетные матери, родившие и воспитавшие семь и более детей. Их интересовало матери: когда же они получат подвески «Алтын алка» и причитающиеся льготы. Все они получили исчерпывающие разъяснения. Вопрос мог и не возникнуть, если бы при оформлении документов в акимате села им объяснили процедуру получения государственных наград многодетным матерям. Так же и о пособиях для них, которое будет выплачиваться после подписания Указа о награждении. Эти и другие вопросы должны разъяснять своим жителям работники сельских акиматов.

Очень остро здесь стоит вопрос трудоустройства, хотя на селе неплохо развивается свою деятельность крестьянское хозяйство «Альдеран», которое нуждается в рабочих руках. Однако среди жителей села растет недовольство условиями и оплатой труда в этом хозяйстве.

Сельчан волнует вопрос снабжения лекарственными препаратами, так как не каждый может себе позволить поездку в аптеки районного центра или города Тмиртау и Караганды. Не все, стоящие на учете в РМО, получают бесплатные медикаменты: нет нужных лекарств – таков чаще всего ответ на запросы больных.

Проводился не только прием населения, были также посещены объекты, производящие ремонт по «Дорожной карте». Так сельский клуб с. Акмешит почти готов к приему первых посетителей. Небольшое здание реконструировалось под неусыпным контролем культурного организатора А.Б. Омаровой, которая очень надеется, что клуб станет центром культурного досуга. Чувствовалось, что Айман – человек, любящий свою работу.

Проблема трудоустройства актуальна и для жителей Кертенды. Аппарат акима села постоянно держит ее на контроле и решает с учетом всех факторов. В первую очередь трудоустраиваются те, у кого в семье никто не работает и из числа малообеспеченных граждан.

В селе Тассуат по Дорожной карте проведен ремонт средней школы. К оплате и качеству работ, по словам техперсонала школы, претензий нет. Мы побывали и в Доме культуры данного сельского округа, где вовсю шла подготовка к 15-й годовщине Конституции нашего государства.

Следует отметить, что школы вышеперечисленных сел уже готовы к новому учебному году, остаются последние штрихи по уборке прилегающей территории.

В целом, анализируя вопросы, поднимаемые сельчанами в ходе выездного приема, можно отметить, что там, где аппарат сельского акимата внимательно относится к обращениям жителей, там почти нет жалоб. Но одна большая проблема остается повсеместно – это трудоустройство, где даже Дорожная карта решает ее частично.

С. Омарова,
заведующая общественной приемной РФ НДП «Нур Отан»

XXI ВЕК – ВЕК ЗНАНИЙ, ВЕК НАУКИ

На основании вступивших в силу в целях воспитания казахстанского патриотизма и профессиональной гордости, а также общечеловеческой солидарности Указов Президента Республики Казахстан от 20 января 1998 г. № 3827 "О профессиональных праздниках и памятных днях в Республике Казахстан", от 15 ноября 2003 г. № 1226 "О внесении изменений в Указ Президента Республики Казахстан от 20 января 1998 г. № 3827" и утвержденного Приложения к Указу Президента РК от 15 ноября 2003 г. № 1226 "Перечень профессиональных и иных праздников в Республике Казахстан", 1 сентября является Днем знаний. День знаний - это первые звонки и волнения, море цветов и белых бантов, и, конечно, традиционные уроки мира. Это самый долгожданный день для тех, кто впервые переступит школьный порог. Традиционно в этот день в школах проходят торжественные линейки, посвященные началу нового учебного года. Для кого-то этот день - возвращение памяти в прошлое, для кого-то - шаг в будущее.

Ежегодно в Послании Главы государства образованию уделяется особое внимание, так как от его уровня зависит будущее нашей страны. Система образования нашего района обладает необходимым потенциалом для решения этой важнейшей задачи. Это было бы невозможно без той работы, которую во исполнение поручений Президента страны местные органы власти проводят по укреплению материально-технической базы учебных заведений. Для развития системы образования района из года в год увеличивается сумма выделяемых бюджетных средств. В этом году она составила 1,2 млрд. тенге, или 57 % от бюджета района, что больше на 100 млн. тенге, чем в прошлом году. В Послании Президента Республики Казахстан народу Казахстана «Новое десятилетие – новый экономический подъем – новые возможности Казахстана» отмечено, что «благодаря успешной реализации программы «Дорожная карта - 2009», в регионах страны реализовано 862 проекта по реконструкции ЖКХ, отремонтированы сотни школ и больниц, объекты культуры и спорта... Поручаю в 2010 году продолжить начатую по плану «Дорожная карта – 2009» реконструкцию объектов жилищно-коммунального сектора». Так, в рамках программы «Дорожная карта» на ремонт и благоустройство 27 объектов района в 2010 году было выделено 282928 тыс. тенге. Из них 31961 тыс. тенге было выделено на текущий ремонт 9 школ района, которые встретят своих подопечных в новом учебном году в теплых и отремонтированных кабинетах. По программе телефонизации и интернетизации школ: все 38 школ телефонизированы, имеют выход в Интернет.

В этом году среди сельских районов области наш район занял I место по числу обладателей знака «Алтын белгі». Из восьми обладателей знака «Алтын белгі» половина является выпускниками Киевской средней школы № 3. Кроме того, средний балл по результатам Единого национального тестирования КСШ № 3 составил 89,57 %, что выше средних областного и республиканского показателей, а шесть выпускников школы набрали свыше 100 баллов. ЕНТ сдавали 29 выпускников школы, 15 – стали обладателями образовательных грантов.

На сегодняшний день в школе имеются два мультимедийных класса, полностью оборудованные кабинеты биологии, физики, ИВТ, химии с лабораторией, методический кабинет, 3 интерактивных доски. Вот такой технический прогресс! Все это благотворно сказывается на учебном процессе, желанием ребят ходить в школу. В Киевскую среднюю школу № 3 дети точно ходят с удовольствием. В чем же секрет успеха школы? Об этом в преддверии Дня знаний нам рассказал директор Киевской средней школы № 3 Сайран Наскенович Сагимбеков.

- Какие итоги 2009-2010 учебного года подвела школа?

- В 2009-2010 учебном году в школе обучалось 430 учащихся, 56 из которых отличники учебы и 139 - «хорошисты». Количество выпускников школы в прошлом учебном году – 37 человек, из них Единое национальное тестирование сдавали 29 человек, свыше 100 баллов набрали шесть выпускников школы, все четверо претендентов на нагрудный знак «Алтын белгі» подтвердили свои знания. Они гордость нашей школы: Маншук Мухамеджанова, показавшая самый высокий результат по району при сдаче ЕНТ – 122 балла; Сауле Кутбаева, показавшая результат в 121 балл; Данияр Уатай – 115 баллов; Бакытгуль Тулешова – 113 баллов. Все они являются обладателями образовательных грантов и поступили на те специальности и в те высшие учебные заведения, в которых мечтали обучаться: Маншук Мухамеджанова – специальность «Финансы», Казахский национальный университет имени аль-Фараби (г. Алматы); Сауле Кутбаева – специальность «Международные отношения», Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева (г. Астана); Данияр Уатай – специальность «Электротехника», Карагандинский государственный технический университет; Бакытгуль Тулешова – специальность «Учет и аудит», Карагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова. В этом году обладателями образовательных грантов стали 15 выпускников нашей школы. Средний балл школы по результатам Единого национального тестирования составил 89,57 баллов, что выше среднеобластного и среднереспубликанского показателей. В 2010-2011 учебном году ожидается 34 выпускника. Претендентов на нагрудный знак «Алтын белгі» трое.

- За последние годы облик школы заметно преобразился. Какие ремонтные работы были осуществлены?

- За последние два года (2008-2009 годы) на капитальный ремонт школе было выделено 48 млн. тенге из районного бюджета. Были проведены следующие виды работ: полностью смонтирована шатровая крыша, в школе открыт пришкольный интернат на 40 мест, 60 % окон заменены на пластиковые, полностью заменено электричество, частично отремонтирована система отопления, установлены новые котлы, осуществлена покраска здания школы, во всех коридорах постелен крагис и линолеум, проведен водопровод, частично отремонтирована канализация, заменена входная группа, полностью обновлено фойе и столовая (стены – гипсокартон, полы – керамогранит). Все виды работ выполнены генеральным подрядчиком ТОО «ЭЛОИМ ЛТД» в срок и качественно. За счет бюджетных средств в этом учебном году школе выделяют мультимедийный кабинет с интерактивной доской и кабинет биологии. Силами педагогического коллектива в школе создается методический кабинет в целях содействия оптимальному функционированию школы в обеспечении высокого уровня общеобразовательных услуг путем повышения профессионализма, личной ответственности и творческого подхода каждого педагогического работника. Руководители методического кабинета - М. Майер, Ш. Аймагамбетова. Также в этом учебном году за счет спонсорских средств учителей и родительских комитетов были осуществлены ремонтные работы в классах – побелка, покраска, постелен линолеум. Хочу отметить следующих классных руководителей, председателей и членов родительских комитетов: 1 казахский класс: классный руководитель – У. Ахмедина; председатель родительского комитета – Д. Ермекова; члены родительского комитета – Г. Уаразалинова, Е. Жапаров. 1 русский класс: классный руководитель – Л. Борисова; председатель родительского комитета – О. Шевченко; 2 казахский класс: классный руководитель

- К. Козыбаева; председатель родительского комитета – Ж. Бейсенова. 2 русский класс: классный руководитель – Л. Орлова; председатель родительского комитета – Н. Егорова; члены родительского комитета – Е. Гордиенко, Н. Сухамера, С. Заводная. 3 казахский класс: классный руководитель – С. Олжабекова; председатель родительского комитета – А. Шалдыбаева; члены родительского комитета – Г. Бюрабекова, Ж. Рустембекова. 3 русский класс: классный руководитель – Н. Протасенко; председатель родительского комитета – Н. Ткаченко; члены родительского комитета – Ю. Бычек, И. Бычек. 4 казахский класс: классный руководитель – А. Мадкенова; председатель родительского комитета – Г. Усенова; члены родительского комитета – Н. Далелхан, Р. Амиранова. 4 русский класс: классный руководитель – С. Иващенко; председатель родительского комитета – Г. Цой; члены родительского комитета – И. Сидельникова, Е. Шевченко, Б. Оспанов. 8 русский класс: классный руководитель – С. Исакова; председатель родительского комитета – Н. Бычек; члены родительского комитета – Б. Мырзаханова, О. Кильб. В целом, все классные руководители отремонтировали свои классы.

Кроме того, в этом году в ремонт школы спонсорскую помощь оказало ТОО «ЭЛОИМ ЛТД» в лице генерального директора Александра Александровича Плеханова, которому от имени педагогического коллектива и родители выражаем благодарность в обеспечении школы гипсокартоном, профилями, USB, строительной рабочей силой.

- Качество знаний учащихся напрямую зависит от уровня подготовленности, а также профессионального мастерства педагогических кадров. Сейчас в республике функционирует программа «С дипломом в село», направленная на привлечение молодых специалистов в сельскую местность. Что вы можете рассказать о кадровом составе педагогов и пополнялся ли он молодыми специалистами?

- По проекту «С дипломом в село» в прошлом году в школу приехали работать три молодых специалиста: учитель истории – Г. А. Альшимбаева, учитель казахского языка – Ш. Б. Жанкуатова, учитель немецкого языка – Н. А. Финк. Кроме того, согласно «Правилам предоставления мер социальной поддержки специалистам здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры и спорта, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты», утвержденным постановлением Правительства РК от 18 февраля 2009 года № 183, указанным специалистам предоставляются меры социальной поддержки в виде единовременного подъемного пособия в размере 70 МРП и с 1 января 2010 года кредит на приобретение жилья сроком на 15 лет, со ставкой вознаграждения 0,01% в размере 630 МРП. Так, наш специалист Н. А. Финк получила кредит на приобретение жилья.

В новом учебном году в школе будет работать молодой специалист В. И. Куприянич, учитель иностранного языка, выпускница Карагандинского государственного университета имени Е. А. Букетова, обладательница диплома с отличием.

Хочу подчеркнуть, что в успехе наших детей огромная заслуга всего педагогического коллектива! Следует отметить учителей, чьи ученики при сдаче Единого национального тестирования показали 100 %-е качество знаний по предметам казахский язык в русских классах – А. Т. Оспанова, физика в русских классах – С. А. Жахина, география – С. Б. Букеров, биология – Б. Х. Мырзаханова, всемирная история в русских классах – Г. А. Альшимбаева, английский язык в русских классах – Б. Р. Бекенова. Учителя, чьи ученики показали высокие результаты по обязательным предметам: С. Д. Исакова – математика в русских классах (78,5 %), Г. А. Альшимбаева – история Казахстана в русских классах (78,5 %), Г. З. Аубакирова – русский язык в русских классах (85,7 %), Г. А. Темирбекова – казахский язык в казахских классах (86,7 %), А. А. Ержанова – русский язык в казахских классах (86,7 %), А. Итжанова – математика в казахских классах (73 %). У нас трудятся заслуженные педагоги, награжденные грамотами Министерства образования и науки Республики Казахстан, Т. С. Васильева, М. А. Майер, С. Д. Исакова, Р. Б. Нурғалиева. Пока дети отдыхали на каникулах, шесть учителей повысили свою квалификацию в Институте повышения квалификации (г. Караганды). 100 % учителей являются сертифицированными пользователями персональных компьютеров. Уважаемые педагоги! Дорогие учителя, родители! В преддверии праздника поздравляю вас с Днем знаний. Это наш общий праздник, потому что в основе любого дела, любой профессии лежат знания. Они дают человеку уверенность и свободу в выборе жизненного пути, возможность добиться успеха и реализовать свои способности. Именно поэтому уделяется серьезное внимание обеспечению качественных образовательных услуг. 21-й век – это век знаний, век науки. В большой мировой конкуренции побеждает тот, кто имеет исключительные знания. Пусть в жизни вас и ваших детей всегда будет место знанию, мудрости!

Беседовала Виктория ГРИЦОВА

НҰРА АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2010 жылғы 7 шілде № 12/08

Қарағанды облысы Әділет Департаментінің Нұра аудандық Әділет басқармасында 2010 жылдың 09 тамызында тіркелінген, мемлекеттік тіркеу № 8-14-123

Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 25 ақпандағы «2010 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» № 04/04 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» № 836 қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесіне сәйкес және қосымша қаражаттың бөлінуіне байланысты аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 25 ақпандағы "2010 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" № 04/04 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 8-14-114 болып тіркелген, 2010 жылғы 20 наурыздағы № 12 аудандық "Нұра" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін: осы қаулының қосымшасына сәйкес, көрсетілген қаулының қосымшасы жаңа редакцияда жазылсын.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Зара Ахметжанқызы Даутоваға жүктелсін.
3. Осы қаулы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Шайдаров

КЕЛІСІЛДІ

Нұра ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің бастығы **Қ.Ш. Жолболдин** «7» 07.2010 жыл

Нұра ауданы бойынша салық басқармасының бастығы **Т.Ш.Құлмағамбетов** «7» 07.2010 жыл

Нұра ауданы бойынша қылмыстық – атқару инспекциясының аға инспекторы **А.В. Цой** «7» 07.2010 жыл

«Қарттар мен жалғыздікті тұлғаларды күту және бағу жөніндегі» қоғамдық бірлестігінің төрайымы **Г.И.Түсүпбекова** «7» 07.2010 жыл

Қосымша Аудан әкімдігінің 2010 жылғы «7» шілдедегі № 12/08 қаулысымен **БЕКІТІЛГЕН**

2010 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын Нұра ауданының кәсіпорындарының, ұйымдарының, мекемелерінің тізбесі, жұмыс түрлері мен көлемдері:

№	Ауыл және кент атаулары	Ұйымдардың, кәсіпорындардың және мекемелердің атаулары	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Қатысушылардың саны	Жұмысқа қатысу мерзімі (ай)	Еңбек ақы көлемі (тенге)	Жалпы сомасы (тенге)
1	Киевка кенті	Нұра ауданы бойынша салық басқармасы	- хат-хабарларды, хабарламаларын таратуға және құжаттарды тігуге көмектесу	2	3	89712	89712
2	Киевка кенті	Киевка кенті әкімінің аппараты	- республикалық және аймақтық қоғамдық компанияларды (жұртшылықтың ой-пікірін сұрастыру және санаққа қатысу) өткізуге көмектесу; - елді мекеннің аумағын жинастырып тазалау бойынша тұрмыстық-коммуналдық шаруашылықты ұйымдастыруға көмектесу (күл-қоқысты шығару, ақтау, сырпау жұмыстары); -кент аумағын экологиялық сауықтыру (кегалдандыру және көркейту); - әлеуметтік қызмет; - тұрғындарды әр аула бойынша аралау; - мәдениет саласында ауқымды іс-шараларды (спорттық жарыстар және қоғамдық мереке-дұмандар) ұйымдастыруға көмек көрсету; - кенттің инфрақұрылымын дамыту; - елеулі және мерейлі күндерді атап өтуге арналған мерекелерді өткізуге көмек көрсету; - балалар алаңдарын қайта құру; - үй жануарларын бірдейлендіруге көмек көрсету; - қоғамдық тәртіпті қорғауға көмек көрсету;	4	3	179424	2230864
3	Киевка кенті	Нұра аудандық сот	- хат-хабарларды, шақырту қағаздарды таратуға және құжаттарды тігуге көмектесу	2	2	59808	59808
4	Киевка кенті	Қорғаныс істері жөніндегі бөлім	- хаттарды, хат-хабарларды, шақырту қағаздарды таратуға және құжаттарды тігуге көмектесу.	8	3	358848	358848
5	Киевка кенті	Нұра ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	- әлеуметтік қызмет; - тұрғындарды әр аула бойынша аралау.	3	3	134568	269136
6	Киевка кенті	Нұра ауданының қылмыстық атқару	- хаттарды, хат-хабарларды, шақырту қағаздарды таратуға және құжаттарды тігуге көмектесу;	2	3	89712	89712
7	Киевка кенті	Нұра ауданының әділет басқармасы	- мұрағат жұмысы мен құжаттарды тігуге көмектесу;	2	3	89712	89712
8	Киевка кенті	«Қарттар мен жалғыздікті тұлғаларды күту және бағу жөніндегі» қоғамдық бірлестігі	- мейір-бике; - әлеуметтік қызмет;	2	3	89712	448560
9	К.Мынбаев ауылы	К.Мынбаев ауылы әкімінің аппараты	- ауыл аумағын экологиялық сауықтыру (кегалдандыру және көркейту);	2	2	59808	74760
10	Жараспай ауылы	Жараспай ауылы әкімінің аппараты	- ауыл аумағын экологиялық сауықтыру (кегалдандыру және көркейту);	2	2	59808	74760
11	Кертінді ауылы	Кертінді ауылы әкімінің аппараты	- ауыл аумағын экологиялық сауықтыру (кегалдандыру және көркейту);	2	2	59808	59808
12	Ақмешіт ауылы	Ақмешіт ауылы әкімінің аппараты	- ауыл аумағын экологиялық сауықтыру (кегалдандыру және көркейту);	2	2	59808	59808
13	Баршың ауылы	Баршың ауылы әкімінің аппараты	- ауыл аумағын экологиялық сауықтыру (кегалдандыру және көркейту);	2	2	59808	59808
14	Көбетей ауылы	Көбетей ауылы әкімінің аппараты	- ауыл аумағын экологиялық сауықтыру (кегалдандыру және көркейту);	3	2	89712	104664
15	Майоровка ауылы	Майоровка ауылы әкімінің аппараты	- ауыл аумағын экологиялық сауықтыру (кегалдандыру және көркейту);	3	2	89712	104664
16	Изенді ауылы	Изенді ауылы әкімінің аппараты	- ауыл аумағын экологиялық сауықтыру (кегалдандыру және көркейту);	2	2	59808	59808
17	Құланотпес ауылы	Құланотпес ауылы әкімінің аппараты	- ауыл аумағын экологиялық сауықтыру (кегалдандыру және көркейту);	3	2	89712	97304
18	Құланотпес ауылы	Құланотпес ауылы әкімінің аппараты	- ауыл аумағын экологиялық сауықтыру (кегалдандыру және көркейту);	2	3	89712	104664
19	Тассуат ауылы	Тассуат ауылы әкімінің аппараты	- ауыл аумағын экологиялық сауықтыру (кегалдандыру және көркейту);	2	2	59808	59808
20	Ахмет ауылы	Ахмет ауылы әкімінің аппараты	- ауыл аумағын экологиялық сауықтыру (кегалдандыру және көркейту);	2	2	59808	59808
21	Заречное ауылы	Заречное ауылы әкімінің аппараты	- ауыл аумағын экологиялық сауықтыру (кегалдандыру және көркейту);	2	2	59808	59808
22	Жанбөбек ауылы	Жанбөбек ауылы әкімінің аппараты	- ауыл аумағын экологиялық сауықтыру (кегалдандыру және көркейту);	2	2	59808	59808
23	Шубаркөл кенті	Шубаркөл кенті әкімінің аппараты	- кент аумағын экологиялық сауықтыру (кегалдандыру және көркейту);	2	2	59808	59808
24	Байтуған ауылы	Байтуған ауылы әкімінің аппараты	- ауыл аумағын экологиялық сауықтыру (кегалдандыру және көркейту); - мәдениет саласында ауқымды іс-шараларды (спорттық жарыстар және қоғамдық мереке-дұмандар) ұйымдастыруға көмек көрсету;	2	3	89712	179424
25	Ткенекті ауылы	Ткенекті ауылы әкімінің аппараты	- ауыл аумағын экологиялық сауықтыру (кегалдандыру және көркейту);	2	2	59808	59808
26	Шахтер ауылы	Шахтер ауылы әкімінің аппараты	- ауыл аумағын экологиялық сауықтыру (кегалдандыру және көркейту);	1	3	44856	44856
27	Қарой ауылы	Қарой ауылы әкімінің аппараты	- ауыл аумағын экологиялық сауықтыру (кегалдандыру және көркейту);	2	3	89712	89712
28	Соналы ауылы	Соналы ауылы әкімінің аппараты	- ауыл аумағын экологиялық сауықтыру (кегалдандыру және көркейту);	2	2	59808	59808
			Барлығы				5184000

ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА НУРИНСКОГО РАЙОНА

от 7 июля 2010 года № 12/08

Зарегистрировано в Управлении юстиции Нуринаского района Департамента Юстиции Карагандинской области 09 августа 2010 года, государственной регистрации 8-14-123

О внесении изменения в постановление акимата района от 25 февраля 2010 года № 04/04 «Об организации оплачиваемых общественных работ на 2010 год»

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О занятости населения», Правилами организации и финансирования общественных работ, утвержденным постановлением Правительства Республики Казахстан от 19 июня 2001 года № 836 «О мерах по реализации Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О занятости населения» и в связи с выделением дополнительных денежных средств акимату района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

